38. Ақ жол (газеті) : көптомдық / [кұраст. Х. Есенқарақызы ; төте жазудан транскрипциялаған: Ғ. Елубайұлы, Ғ. Қасымханұлы, Ү. Жанбайұлы ; ред. Қ. Кемеңгер]. – Нұр-Сұлтан : Алашорда, 2020. – 17 том. – 380, [3] б.

39. Ақ жол (газеті) : көптомдық / [кұраст. Х. Есенқарақызы ; төте жазудан транскрипциялаған: Ғ. Елубайұлы, Ғ. Қасымханұлы, Ү. Жанбайұлы ; ред. Қ. Кемеңгер]. – Нұр-Сұлтан : Алашорда, 2020. – 18 том. – 383 б.

40. Ақ жол (газеті) : көптомдық / [кұраст. Х. Есенқарақызы ; төте жазудан транскрипциялаған: Ғ. Елубайұлы, Ғ. Қасымханұлы, Ү. Жанбайұлы ; ред. Қ. Кемеңгер]. – Нұр-Сұлтан : Алашорда, 2020. – 19 том. – 380, [3] б.

41. Ақ жол (газеті) : көптомдық / [кұраст. Х. Есенқарақызы ; төте жазудан транскрипциялаған: Ғ. Елубайұлы, Ғ. Қасымханұлы, Ү. Жанбайұлы ; ред. Қ. Кемеңгер]. – Нұр-Сұлтан : Алашорда, 2020. – 20 том. – 382, [1] б.

42. Ақ жол (газеті) : көптомдық / [кұраст. Х. Есенқарақызы ; төте жазудан транскрипциялаған: Ғ. Елубайұлы, Ғ. Қасымханұлы, Ү. Жанбайұлы ; ред. Қ. Кемеңгер]. – Нұр-Сұлтан : Алашорда, 2020. – 21 том. – 382, [1] б.

43. Ақ жол (газеті) : көптомдық / [кұраст. Х. Есенқарақызы ; төте жазудан транскрипциялаған: Ғ. Елубайұлы, Ғ. Қасымханұлы, Ү. Жанбайұлы ; ред. С. Жұмағұл]. – Нұр-Сұлтан : Алашорда, 2020. – 22 том. – 382, [1] б.

44. Ақ жол (газеті) : көптомдық / [кұраст. Х. Есенқарақызы ; төте жазудан транскрипциялаған: Ғ. Елубайұлы, Ғ. Қасымханұлы, Ү. Жанбайұлы ; ред. С. Жұмағұл]. – Нұр-Сұлтан : Алашорда, 2020. – 23 том. – 381, [2] б.

45. Ақ жол (газеті) : көптомдық / [кұраст. Х. Есенқарақызы ; төте жазудан транскрипциялаған: Ғ. Елубайұлы, Ғ. Қасымханұлы, Ү. Жанбайұлы ; ред. Қ. Кемеңгер]. – Нұр-Сұлтан : Алашорда, 2020. – 25 том. – 382, [1] б., суретті.

46. Фазылов, Н. Еске алсаң көңіл жадырар : (қазақ тіліне аударған Х. Есенқарақызы) / Н. Фазылов. – Алматы : Дәуір, 2024. – 266 б.

МЕРЗІМДІ БАСЫЛЫМ БЕТТЕРІНДЕ

1. «Мен марттағы найзағай күркірімін» : [Төлеген Айбергеновтің туғанына 50 жыл] // Оңтүстік Қазақстан. – 1987. – 23 март. – 4 б. ; Ордабасы оттары. – 1997. – 8 наурыз.

2. Жан айқайым, бабам, саған жете ме? : өлең // Шымкент келбеті. – 1991. – 2 наурыз ; Қазақ әдебиеті. – 1993. – 12 ақпан ; Абай. – 2008. – 16 қаңтар. – 37 б.

3. Әзілің жарасса... : [еске түскендерден] // Шымкент келбеті. – 1995. – 27 қазан.

4. Саған сенем, алмас жыр торыққанда : өлеңдер // Нұрлы жол. – 1995. – 22 ақпан ; Қазақ елі. – 1996. – 14 маусым. – 6 б.

5. Тереңінде жүрегімнің сақталасың : [«Сарыағаш» газетіне 66 жыл толуына орай] // Сарыағаш. – 1995. – 22 қыркүйек. – 5, 7 б.
6. Тілінің ащылығына емес, өткірлігіне қуанамын : [«Шымкент келбеті» газеті туралы] // Шымкент келбеті. – 1995. – 21 шілде. – 5 б.
7. Қайтейін... : өлеңдер // Қазақ әдебиеті. – 1996. – 25 маусым. – 5 б.
8. Махаббатым мәңгілік : өлеңдер // Қазақ әдебиеті. – 1996. – 25 маусым.
9. Қарт Қазығұрт, басыңды иші сәл ғана : өлеңдер // Шымкент келбеті. – 1996. – 14 маусым. – 7 б.
10. Саид Ахмад немесе есеп 1:1 : очерк // Қазақ елі. – 1996. – 29 наурыз. – 14 б.
11. Азап екен айтары бар ақынға : өлеңдер // Оңтүстік Қазақстан. – 1997. – 29 қаңтар.
12. Әділдік деп мен нені ұға аламын? деп жарылған жігіттің жай-күні // Шымкент келбеті. – 1997. – 19 қыркүйек.
13. Бұлыңғыр бұлдыр дүние : терме // Шымкент келбеті. – 1997. – 24 қаңтар.
14. Жүзінен нұр төгілген... : очерк // Оңтүстік Қазақстан. – 1997. – 7 ақпан ; Шымкент келбеті. – 1997. – 7 ақпан. – 8 б.
15. Жүрек жүдеп : өлеңдер // Қазақ әдебиеті. – 1997. – 8 сәуір. – 5 б.
16. Қара шаңырақ : өлең // Оңтүстік Қазақстан. – 1997. – 30 сәуір.
17. Эмансипация : өлең // Қазақ әдебиеті. – 1997. – 11 наурыз.
18. Адамдардан ұлылық күттім: өлеңдер // Шымкент келбеті. – 1998. – 30 қаңтар. – 7 б.
19. Алпыс деген немене?! Жұмамұрат Тұяқбайұлына : өлең // Шымкент келбеті. – 1998. – 11 қыркүйек. – 5 б.
20. Сіз қазіргі заманымыз туралы не ойлайсыз? // Замана. – 1998. – 3 шілде.
21. Түйе қисық па жабу қисық па? // Оңтүстік Қазақстан. – 1998. – 18 сәуір. – 3 б.
22. Ырқына тағдыр көнбегем, жалынын жанның сөндірмей! : [Омарбай Малқаров туралы] // Оңтүстік Қазақстан. – 1998. – 23 желтоқсан.
23. Ақындық : [Қуаныш Төлеметовке арнау өлең] // Айғақ. – 1999. – 8 қыркүйек. – 6 б.
24. «Анама хат», «Далама», «Сырғанайық» : өлеңдер // Балбөбек. – 1999. – қыркүйек. – 2 б.
25. Жүрегімнің мәрт әні : өлеңдер // Шымкент келбеті. – 1999. – 9 қыркүйек. – 9 б.
26. «Жыр додада», «Өлең жайлы», «Жастық шақ туралы» : өлеңдер // Ақиқат. – 1999. – қыркүйек. – 5 б.
27. Кентауға көктем күліп, қайта оралады // Шымкент келбеті. – 1999. – 3 маусым. – 11 б.
28. Кім біледі, не сыйларын келер күн?! : өлеңдер // Ордабасы оттары. – 1999. – 11 қыркүйек. – 5 б.

29. Айналайын, ақ көңілім, нәзігім... : [халық ақыны Әселхан Қалыбекова туралы] // Ақиқат. – 2000. – 21 қараша. – 7 б.
30. Аяулым-ау, әсем жырды төгілдір : өлең // Оңтүстік Қазақстан. – 2000. – 21 желтоқсан.
31. Гәккуге хат // Ақиқат. – 2000. – 19 желтоқсан. – 1 б.
32. Жұмамұрат ағаға // Оңтүстік Қазақстан. – 2000. – 13 мамыр.
33. Жарнамасыз өнерді аңсайық // Егемен Қазақстан. – 2000. – 14 сәуір.
34. Қадамың құтты болсын, «Қыз жібек»! // Қыз жібек. – 2000. – № 4. – 1 б.
35. Көз жасы : [Нәмет Сүлейменовті еске алғанда] // Оңтүстік Қазақстан. – 2000. – 16 қараша. – 3 б.
36. Ай туады бозарып, күн шығады қызарып... : өлеңдер // Шымкент келбеті. – 2001. – 19 қазан. – 15 б. ; Жас қазақ үні. – 2002. – 22 наурыз. – 4 б.
37. Әбіш тойы : [Әбіш Кекілбаев – 60 жаста] // Шымкент келбеті. – 2001. – 7 желтоқсан. – 4-5 б.
38. Біз тура жолды қалаймыз : [«Таңшолпан» газетіне тілек] // Таңшолпан. – 2001. – 26 сәуір. – 1 б.
39. «Діл» газеті туралы // Діл. – 2001. – 8 ақпан.
40. Мен ақынмын, әйелмін әлемді ойлар... : Өлеңдер // Оңтүстік Қазақстан. – 2001. – 23 қаңтар.
41. Өзің деп айтармын, ағалыққа жараған : [Жұмамұрат Тұяқбаев туралы] // Жұлдыздар осылай сөнеді : эссе-әңгімелер. – Шымкент : Қасиет, 2001. – 44-53 б.
42. Ауылды аңсағанда : эссе // Оңтүстік Қазақстан. – 2001. – 19 сәуір ; Шымкент келбеті. – 2004. – 16 шілде. – 15 б.
43. Көкшеде туған көгілдір жырлар : өлеңдер // Шымкент келбеті. – 2002. – 6 қыркүйек. – 19 б.
44. «Мен екенмін өмірде – арманы көп... армансыз...» : өлеңдер // Егемен Қазақстан. – 2002. – 26 шілде.
45. Мұғалім // Түркістан. – 2002. – 21 қараша. – 7 б.
46. Алпамыс деген – талтүс : [Амалбек Тшанов – 60 жаста] // Шымкент келбеті. – 2003. – 4 сәуір.
47. Ей, Махамбет ағатай! : өлең // Алаш үні. – 2003. – 6 мамыр. – 5 б. ; Шымкент келбеті. – 2003. – 11 сәуір.
48. Жан шуағын тосасың : өлең // Назымгөй нақыш Нармахан. – Алматы : Өркениет, 2003. – 130–131 б.
49. Өлең сөздің Ханордасы – Қаныбек : [Қаныбек ақын туралы] // Оңтүстік Қазақстан. – 2003. – 23 қаңтар. – 3 б.
50. Көкшеде туған Сыр мен Жыр : өлеңдер // Арқа ажары. – 2003. – 13 мамыр. – 4 б.
51. Көңілімде көктемгі сең : өлеңдер // Жұлдыз. – 2003. – №3. – 74-75 б.
52. Сіз – шындық та, біз – елес! : өлеңдер // Қазақ әдебиеті. – 2003. – 17 қаңтар. – 11 б.
53. Достық әзілдер // Оңтүстік Қазақстан. – 2004. – 1 қаңтар.

54. Елге хат : [Шәкір ағаның хатына жауап] // Шымкент келбеті. – 2004. – 16 сәуір. – 14 б.
55. «Жарқ етпес қара көңілім неғылса да...» : өлеңдер // Оңтүстік Қазақстан. – 2004. – 13 мамыр. – 6 б.
56. Қар жауса екен // Сарыағаш. – 2004. – 19 наурыз.
57. Қиялыма қанат байлап ұшырдым : өлеңдер // Барыс. – 2004. – 5 маусым. – 4 б.
58. Күнге мен көлеңке // Барыс. – 2004. – 6 қаңтар ; 10 қаңтар ; 6 наурыз ; 20 наурыз ; 27 наурыз ; 3 сәуір ; 29 мамыр.
59. Мұнай да мұнай, мұнайлы ел!... : өлеңдер // Шымкент келбеті. – 2004. – 23 сәуір. – 15 б.
60. «Найзағай», «Өліара» : өлеңдер // Аталар сөзі. – 2004. – № 6. – 4 б.
61. Періште емес – пендемін : өлеңдер // Қазақ әдебиеті. – 2004. – 26 қараша. – 9 б.
62. Ғашық болу – ұлы сезім // Айқап. – 2005. – 12 тамыз.
63. Қуаныш Төлеметұлы туралы естеліктер // Біздің Қуаныш. – Алматы, 2005. – 127 б.
64. Осы менің өмірдерек – баяным : [ақын Х. Есенқараева «Жыр дәптерінен»] // Қазақстан әйелдері. – 2005. – № 11. – 17 б.
65. Осы жұрт бұл музейді біле ме екен? // Мәдениет. – 2005. – № 4. – 27 б. : Ел мәдениеті. – 2006. – 12 сәуір.
66. Оңтүстік Қазақстан облыстық саяси құғын-сүргін құрбандары мұражайы // Қазақстан музейлері. – 2005. – № 2. – 41 б.
67. Өлеңдер // Шымкент келбеті. – 2005. – 11 наурыз.
68. «Сарыағашым – сағынышым», «Ай туады бозарып, күн шығады қызарып...» : өлеңдер // Қазақстан әйелдері. – 2005. – № 11.
69. Сексеуіл шоғын үрлеген : [Жұмабек Мұқанов туралы] // Қазақ әдебиеті. – 2005. – № 42. – 15 б.
70. Теледидар туралы хикая // Оңтүстік өркениеті. – 2005. – 18 наурыз. – 3 б.
71. Теріскейден түлеген талант : [Дулат Тұрантегі туралы] // Оңтүстік Қазақстан. – 2005. – 27 қыркүйек.
72. Тылсым күш иесі // Тылсым дүние. – 2005. – № 5.
73. Шалқар Шардараның шағала жыршысы : [Жұмабек Мұқанов туралы] // Оңтүстік Қазақстан. – 2005. – 20 қазан. – 4 б.
74. Аспан түсті туымыз желбіреді : өлең // Оңтүстік Қазақстан. – 2006. – 24 қазан. – 1 б.
75. Басылымдардың Мәскеудегі қазақ қоғамдық ұйымдарын біріктіретін ту болсын! // Қазақ тілі. – 2006. – 14 сәуір.
76. Ерекше бітімді ел ағасы : [Денсаулық сақтау ісінің үздігі Ә. Ысқақұлы – 70 жаста] // Жас қазақ үні. – 2006. – 10-16 ақпан.
77. Қан жүректі қайғылым. – Алматы : Ордабасы, 2006. – 208 б.
78. Қаһарман Қасым Қайсенов // Оңтүстік Қазақстан. – 2006. – 25 ақпан ; Әдебиет айдыны. – 2006. – 4 мамыр ; 11 мамыр. – 4-5 б.

79. Мінсіз адам іздейді, күнсіз көңіл : өлеңдер // Шымкент келбеті. – 2006. – 3 наурыз.
80. Өміріме қарасам – суы біткен мұраптай... : өлеңдер // Қазақ әдебиеті. – 2006. – 3 қараша. – 9 б.
81. Пирамида : өлеңдер // Оңтүстік Қазақстан. – 2006. – 4 қараша.
82. Тау көтерген толағай : [қаланың қадірлі азаматы Әділхан Сұлтанбекұлына 70 жыл] // Шымкент келбеті. – 2006. – 8 ақпан. – 1 б.
83. Тұжырымдама әдебиеттің жағдайын жақсартма ма? // Оңтүстік Қазақстан. – 2006. – 7 қыркүйек. – 4 б.
84. Алаш партиясының қайраткерлері. – Шымкент : Жебе, 2007. – 28 б. «Өмірде жеңбесем де, жеңілгенім жоқ» // Жастар дауысы. – 2007. – 30 тамыз (№ 16).
85. «Алаштың» ардақтылары өздеріне лайық бағасын әлі алған жоқ // Оңтүстік Қазақстан. – 2007. – 13 желтоқсан (№ 190). – 2 б.
86. «Жалған дауыстың көптігі шындықтың өлшемі бола алмайды» // Жас қазақ. – 2007. – 24 тамыз (№ 34).
87. «Кедергілер бізге қанат байлайды // Жас қазақ үні. – 2007. – 27 шілде.
88. «Қазақ әдебиетін... қазақ ұлтына мойындату керек» // Қазақ әдебиеті. – 2007. – 1-7 маусым. – 4 б.
89. Қыздардан өрлік қалған ба – құлай сүйсе де шектелген: өлеңдер // Евразия kz. – 2007. – 2 наурыз. – 13 б.
90. Халықтың кімнің кім екендігіне көзі жетті» // Жас алаш. – 2007. – 16 тамыз (№ 66).
91. Аға берген ақ орамал : [журналист – жазушы Жұмамұрат Тұяқбаевтың туғанына – 70 жыл] // Шымкент келбеті. – 2008. – 28 қараша. – 5 б.
92. Ашаршылық құрбандарына қойылған ескерткіш жоқ // Әдебиет айдыны. – 2008. – 4 желтоқсан. – 7 б.
93. Дәмін таттым, тұз бұйырып Мысырдан... : [өлеңдер] // Қазақ әдебиеті. – 2008. – 31 желтоқсан (№ 52). – 37 б.
94. Кейде жалғыз қаласың көп ішінен : өлеңдер // Әдебиет айдыны. – 2008. – 4 желтоқсан. – 7 б.
95. «Саяси құрбандарға тағзым – тарихқа тағзым» // Оңтүстік Қазақстан. – 2008. – 27 мамыр (№ 78).
96. Өмірде ана жалғыз, ақын жалғыз : өлеңдер // Оңтүстік Қазақстан. – 2008. – 1 наурыз (№ 33-34).
97. Алаш тағылымы және тәуелсіздік // Әдебиет айдыны. – 2007. – 27 желтоқсан ; Оңтүстік Қазақстан. – 2009. – 30 мамыр. – 3 б.
98. Елден, жұрттан жасыратын жоқ сырым... : өлеңдер // Айғақ. – 2009. – 11 қараша (№ 44).
99. Көңілімде көктемгі сең... : өлеңдер // Жұлдыз. – 2009. – № 3. – 74-75 б.

100. Мысыр сапарынан: жолсапар-эссе // Оңтүстік Қазақстан. – 2009. – 12 қыркүйек (№ 136-137).

101. Ханбибі Есенқарақызы : Тек жақсы адамдармен табыстырған Тәңіріме тәубе айтамын / сұхбаттасқан З. Жұманова // Қазақ әдебиеті. – 2009. – 4 қыркүйек (№ 38).

102. Ханбибі Есенқарақызы : «13 деген саннан қорықпаймын» / сұхбаттасқан Қ. Қалыбай, Ә. Ахмет // Тылсым дүние. – 2010. – наурыз (№ 5). – 4 б.

103. Айтсаң – сөзің өтпейді... : өлеңдер // Замана. – 2011. – 4 сәуір (№ 13).

104. Ғасыр таңында туған «Шолпан» // Қазақ әдебиеті. – 2011. – 28 қаңтар (№ 4). – 13 б.

105. Айша апайға : [өлең] // Әдемі әйел. – 2012. – № 12. – 8 б.

106. Алаш аманатын арқалаған «Ақ жол» : [«Ақ жол» газеті] // Оңтүстік Қазақстан. – 2012. – 23 ақпан (№ 32). – 6 б.

107. Әз – аға, сізде арман жоқ! : [Ә. Нұршайықовтың туғанына – 90 жыл] // Оңтүстік Қазақстан. – 2012. – 7 сәуір (№ 54-55). – 11 б.

108. Қарсы алсын пейішіңнің алма бағы : [Рахманқұл Бердібаевқа арнау] // Жас қазақ үні. – 2012. – 11 сәуір (№ 15). – 15 б.

109. Мен де бір сыңары екем табиғаттың : өлеңдер // Жұлдыз. – 2012. – № 10. – 156-159 б.

110. Алаш жыры : [Таңдамалы жыр-жинақтар] // Алаш айнасы. – 2013. – 21 желтоқсан (№ 222). – 5 б.

111. Ханбибі Есенқарақызы, ақын: Муза менен көне «Ақ жолдың» / әнгімелескен А. Әлменбет // Қазақ әдебиеті. – 2013. – 12 сәуір (№ 15). – 6 б.

112. Әдебиеттің еңбек торысы еді... : [ақын Әбілда Аймақ туралы] // Қазақ әдебиеті. – 2014. – 20-26 маусым (№ 25). – 11 б.

113. «Мен көрдім ұзын қайың құлағанын...» // Шымкент келбеті. – 2014. – 31 қаңтар (№ 4). – 8 б.

114. Өнердегі - өнегем, өлеңдегі - пірім ең ! : Қазақстанның халық жазушысы Фариза Оңғарсынова туралы естелік // Түркістан. – 2014. – 6 наурыз (№ 9). – 7 б.

115. Фариза апамның қазасын естігенде : [Фариза Оңғарсыноваға арналған өлең] // Оңтүстік Қазақстан. – 2014. – 1 ақпан (№ 15-16). – 13 б.

116. Бақұл бол, қаламдасым : [Т. Оразбайқызы] // Оңтүстік Қазақстан. – 2015. – 23 мамыр (№ 79-80). – 5 б.

117. «Бас кессең де айтылатын шындық бар» : [қайраткер Жұмабек Тәшеновтің 100 жылдығына арналған өлең] // Оңтүстік Қазақстан. – 2015. – 21 желтоқсан (№ 205). – 1 б.

118. Репрессия // Оңтүстік Қазақстан. – 2015. – № 77-78. – 20 мамыр. – 7 б.

119. Тонналап, шақырымдап өлшеуге көнбейтін... : Желқазық // Қазақ әдебиеті. – 2015. – 27 ақпан-5 наурыз (№ 8). – 3 б.

120. Ұрпақтардың ұмытпауы үшін : [31 мамыр – саяси құғын-сүргін және ашаршылық құрбандарын еске алу күні] // Қазақ әдебиеті. – 2015. – 29 мамыр (№ 21). – 1, 3 б.

121. Әбіш тойының тағылымы : [Әбіш Кекілбаев жайында] // Қазақ әдебиеті. – 2016. – 12 ақпан (№ 6). – 1, 9 б.

122. Қазақы өлең мөлтілдеп жылап тұрды... : [өлеңдер] // Жұлдыз. – 2016. – № 2. – 91-94 б.

123. Моншақ мұз : [әнші Мәдина Ералиева жайында] // Түркістан. – 2016. – 7 сәуір (№ 14). – 11 б.

124. Ұлт рухынан мықты жәдігер жоқ // Егемен Қазақстан. – 2016. – 23 қыркүйек (№ 182). – 5 б.

125. Шындық дәмі – ащы екен : [поэзия] // Қазығұрт kz. – 2016. – № 1-2. – 62 б.

126. Ханбибі Есенқарақызы: Алаш қайраткерлерін тірілтейік // Қазақ әдебиеті. – 2019. – 7-13 маусым (№ 23). – 3 б.

127. Махаббатқа қызмет ете алмадым... // Қазақ әдебиеті. – 2021. – 6 тамыз (№ 31-32). – 18 б.

128. Үрейдің көзі үлкен, өмірі ұзақ // Ана тілі. – 2021. – 27 мамыр.

129. Ақынды сақтайтын да - ардақ жыры... // Қазақ әдебиеті. – 2023. – 20 қазан (№ 42). – 16 б.

130. Жету мен кету // Қазақ әдебиеті. – 2023. – 24 наурыз (№ 12). – 10 б.

131. Көпеннің көшірмесі // Айқын. – 2023. – 28 қазан (№ 120). – 12 б.

132. СМС хат // Қазақ әдебиеті. – 2023. – 3 наурыз (№ 8). – 20 б.

133. Ханбибі Есенқарақызы: Билікке – мейір, халыққа пейіл тілер едім / әңгімелескен Б. Сәрсенхан // Егемен Қазақстан. – 2023. – 10 шілде (№ 127). – 10 б.

134. Ханбиби Есенқарақызы : Ала алмайды алтыныңның буы да, әлдеқашан буға айналып кеткенмін // Қазақ әдебиеті. – 2024. – 29 қараша (№ 47). – 16 б.

135. Ханбиби Есенқарақызы : «Нұрикамалды» тоқтату ешкімнің қолынан келмейді / әңг. А. Өмірзақ // Түркістан. – 2024. – 15 қараша (№ 46). – 5 б.

136. Ханбиби Есенқарақызы : «Нұрикамал» қыз-келіншектердің жүрегіндегі дертті көрсетіп берді / әңг. М. Райымбекова // Қазақ әдебиеті. – 2024. – 22 қараша (№ 46). – 12-13 б.

137. Ханбиби Есенқарақызы : Жетпіс бестің жасымаған жігері / сұхбаттасқан Н. Назарбек // Айқын. – 2024. – 6 шілде (№ 74). – 8-9 б.

Орыс тілінде

1. Там, где кровь моя пролилась... = Қаным қайда төгілген?... / Х. Есенқарақызы // Mangi EL. – 2015. – № 3. – С. 92-97.

БАСЫЛЫМ БЕТТЕРІНЕН

Есті жазған естелік жақсы

Естелік көп айтылады, бірақ қағазға түсіру – әркімге бұйыра бермейтін нәсіп.

Есіндегіні жазуға ақыл-ойдың ұшқырлығы, нақтылық, дәлдік пен адалдық қажет. Осы қағидадан ауытқыған жағдайда жанрдың шырайы ашылмайды.

«Әркімнің өз шындығы болады – ақиқат жалғыз» дегендей, ойындағысын баяндайтын жазушы өз көзқарасының шеңберінде қалып қоймауы керек. Жасыратыны жоқ, кейде жазатын адамың туралы шындыққа жанаспайтын небір әңгімені естисің, нақақтың отынан арашаламаққа ара түсесің, әділетсіздікпен күреске жадыңды жегесің.

Ханбибінің өзін сөйлетсек: «Ақын көңілі ешқашан қалыпқа сыйған емес, бірде алай, бірде дүлей». Оның естеліктерінен ақындығын ғана емес, қара сөзді қатар алып жүретін прозашы екенін аңғардым.

Күні кеше қол алысып, араласып жүрген батырлар – Бауыржан Момышұлы мен Қасым Қайсеновті, жанымыздағы Фариза Оңғарсынованы, елден алыста қазақы қанынан айнымаған Кемердегі губернатор інім Аман Төлеевті бітім-болмысымен көз алдыма әкелген бұл кітапта, белгілі тұлғалардың басынан өткен, біз біле бермейтін оқиғалар шынайы баяндалыпты.

«Мысыр жазбаларынан» бір кезде өзім барып қайтқан көне перғауындар отанынан жаңа ғана оралғандай, халқымыздың ұлы перзенті – Бейбарыс сұлтан бабамыз басқарған елде тағы бір рет саяхаттағандай әсер алдым. Көзі қарақты, көкірегі ояу оқырман да осындай күй кешері сөзсіз. Өйткені есті жазған естелік қашан да жақсы.

Тұрсынбек КӘКІШҰЛЫ,
Қазақстанның еңбек сіңірген
ғылым қайраткері, профессор
*Есенқарақызы Х. Шығармалары. – Астана:
Фолиант, 2018. – Т.4. - Эсселер*

Ханбибідей қыздарымыз көп болсын!

Адам Ата, Хауа Анадан бері жұрт бір-бірімен сұхбаттасып, сырласумен келеді.

Қазақ өмірінде жиырмасыншы ғасырда пайда болған басылым беттеріндегі сұхбаттар өз алдына бір ғалам, өзгеше тарих. Сонда да басқа жанрларға қарағанда кенжелеп келеді.

Сұхбатшы тілдесетін адамын сөйлеткісі келсе, өзінің де терең білімді болуы, кіммен сөйлесетінін, оның кім екенін жақсы білуі шарт. Мұның өзі

шағын зерттеушіліктен асып кететін жұмыс. Әңгімелеушінің алтын уақытын, өзінің күміс уақытын босқа сарп етпеу үшін, сұхбат жүргізуші алдын ала аса жақсы дайындалғаны жөн. Жарияланым сонда ғана оқырманның қанағаттанғандық сезімін оятып, жүрегіне жылылық ұялатады. Әркім өз жан сарайына – хан, ішкі дүниесінің құпия бөлмелеріне көлденең көк аттыны ендіре бермейді.

Мен бақытты адаммын. Әсіресе батыр Бауыржанды туған халқыммен сырластыру мүмкіндігіне ие болғаным үшін бақыттымын. 1971 жылы «Жұлдыз» журналының 2-нөмірінде өзі туралы жазғанымды оқыған Бауыржан Момышұлы жөнінде «Ақиқат пен аңызда»: «Баукең разылықпен «таудың төбесіне шығып» отырғанын түсіндім» деп жазуым да сондықтан.

Ханбибінің өлеңдері жақсы, нағыздың өзі. Абайдың «Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін» дегенін еске түсіреді. Ал қаламдас қарындасымның сұхбаттарын оқып, «таудың басына шығып» марқайған сәттерім аз емес. Сол үшін ризамын, рахметімді айтамын. Қазақтың Ханбибідей қыздары көп болсыншы дейтін тілекші ағасының бірімін.

Сырласу – өмірдің ең бір қымбат та нәзік көрінісі. Қолыңыздағы кітапты парақтау үстінде кейде күліп, кейде жылауыңыз да заңдылық. Себебі, сұхбат – адам жүрегінің айнасы. Қаламы қарымды қарындасымның оқырман жүрегіне беттеген кітабының жолы болсын!

ӘЗІЛХАН НҰРШАЙЫҚОВ,

Қазақстан Мемлекеттік сыйлығының лауреаты,

Халық жазушысы

Есенқарақызы Х. Шығармалары. – Астана:

Фолиант, 2018. - Т. 5. - Сұхбаттар.

Ақын Ханбибінің тарихтағы жолы

Ханбибі Есенқарақызы – елімізде аты танымал ақын. Жаны жайсаң адам. Ақын қарындасыммен жақынырақ таныс болғаным Шымкент қаласында ашылып, халқымыздың өткен тарихындағы қайғылы кезең – өткен ғасырдың 20-30-жылдарындағы саяси репрессия тарихын халықарасында насихаттау ісінде біраз шаруа бітірген «Облыстық саяси қуғын-сүргін құрбандарына арналған музейдің» жұмысына байланысты болды. Бұл музей – елімізде саяси репрессия тарихына арналған ең алғашқы музейлердің бірі. Оның жұмысына мені тартқан сол кездегі облыс әкімінің орынбасары Дархан Мыңбай еді. Музейге директор болып тағайындалған Ханбибі Есенқарақызымен алғашында телефон арқылы сөйлесіп, кейінірек түрлі жиындарда кездесіп жүрдік. Сонда байқағаным, Ханбибі ақын өз жұмысына әбден берілген, ақындығына азаматтығы үйлесе қалған ерекше жан екен.

Маған, әсіресе ұнағаны Ханбибі ақынның тарих шындығына деген құштарлығы, Алаш зиялыларына деген құрметі болды. Ол бұл ұстанымын атақты «Ақ жол» газетін көп томдық кітап түрінде шығару арқылы білдірді. Ханбибі ақын осы жұмысты қолға алғандығын айтқанда, шыны керек,

алғашында өз басым күмәндандым, екіталай ойда болдым. Маған бұл күрделі жұмысты еңсеру ақын қарындасымның қолынан келмейтіндей көрінді. Менің бұл күмәндануым бекер екен. Х. Есенқарақызы бұл жұмысты үлкен жігермен қолға алып, кіретін есіктерге өжеттік танытып кіріп жүріп, біраз жерге жеткізді. Тіпті оны аяқтаудың алдында тұр десе де болады.

«Ақ жолдың» он томнан асатын кітабы жарық көрді, қалған томдары (барлығы 25 том) баспаға даярланды.

Ханбибі ақын қуғын-сүргін мұражайын басқара жүріп «Ақ жолдың» жарық көрген 613 санын Өзбекстан, Мәскеу, Орынбор, Алматы архив, кітапхана қорларына іздеу салып, тапты. Бұған қосымша аталған таңырыпқа тереңдеп еніп «Қан жүректі қайғылым», «Шыдам бер, сабыр қылайын», «Алаш партиясының қайраткерлері», «Алаш арыстары» атты кітаптары әлдеқашан оқырман қолына тиді.

Ханбибі – ақын. Ол ғалым немесе тарихшы емес. Соған қарамай, студенттер мен ғылыми ізденісте жүрген азаматтарымыз бен қалың оқырманының қоржынына үлкен олжа салды. Өйтпегенде, қай ізденуші қазір шетел саналатын Өзбекстан мен Ресейге жол тарта алар еді, солай еткен күннің өзінде, баршасының арап әліпбиіне тісі батар ма еді? Қазірдің өзінде «Ақ жолда» жарияланған материалдар бойынша, бірнеше ғылыми диссертациялар қорғалды. Оның әрбірінде ақын қарындасымыздың үлесі бар.

Ханбибі Есенқарақызы – тек облыс көлемінде іс-шаралармен шектеліп қалған жоқ, республикадағы репрессия тақырыбына қалам тартқан авторлар мен олардың кітаптарына жіті мән беріп отырды. Алматыда жазылған «Аппақ ишан», Атыраудағы «Адай көтерілісі» кітаптарын жазған авторларды шақырып, қалың оқырманмен өткізген дөңгелек үстелдің, Алаш тақырыбына арналған ғылыми-теориялық конференцияларға тікелей атсалысқан адам ретінде, ғалым ретінде тынымсыз еңбек ететін қарындасыма ризашылығымды білдіремін.

МӘМБЕТ ҚОЙГЕЛДІ,

ҚР Ғылым академиясының академигі

Есенқарақызы Х. Шығармалары. – Астана:

Фолиант, 2018. - Т. 7.

Қарындастың қара сөзі

Кемеңгер суреткер, данышпан ойшыл Мұхтар Әуезов құрдас-достың, құрбы-достың барынша қымбат болатұғынын, бірақ іні-достың, аға-достың айрықшылығы алабөтен екендігін ерекшелей жазған еді. Ханбибі ханымды мен дос-қарындас сезінемін. Дос-қарындастың, яки қарындас-достың жөні жүдә басқаша. Іні-дос секілді. Бәлкім, одан да өзгелеу. Дос-қарындасыммен құрдастардан бетер қалжыңдасамыз. Кейде ауызша, кейде жазбаша айтысатынымыз тағы бар. Екеуміз туралы түрлі-түрлі әңгіме қозғалатынын білеміз. Білеміз де күлеміз. Әзілге берілсек те, әзәзілге берілгеніміз жоқ. Қазақ қара сөзінің қара нары Қалихан Ысқақ көкеміз жетпісінші жылдардың ортасында, жас ақын-жазушылардың арасында отырып: «Бір-бірлерің туралы

анекдот шығарсандардағы айтып, жазып жүріңдер. Бір-бірлеріңнен алшақтап, алыстап кетпеңдер. Сендер ырду-дырду да, ру-ру да болмандар, әдебиет дейтін рудансындар» деп еді. Мұндай әңгімені неге қозғады Қалихан ағамыз дегендей, онша түсінбегендей күйде кеткенбіз. Енді-енді ұғынатындаймыз-ау.

«Бүкіл дүние жүзіндегі барлық сағатты тоқтатып қойсаң да, уақытты тоқтата алмайсың» дегенді бір данышпанның жазбаларынан оқығанбыз.

Еңкес ауылындағы елгезек Есенқарадайын ұстаздың қара шаңырағында, қырқыншы жылдардың ең соңында дүниеге келген дос-қарындасымыз – Еңкестің қызы бүгінде елдің қызына айналды. Қаламыңнан айналайын қарындас-досымның алған асуы асқақ та айбарлы һәм абыройлы екенін ел біледі, әдеби қауым әспеттейді.

Өлеңі – өзгеше өре-өрісті өрнек. Өрімі бөлек, өркені ерек дүние. Он томдығының мына кітабы – қара сөз. Қарындастың қара сөзі. Қайран қалар ғажайыптар бұл жанрда да жетерлік. Кезінде «Баукең бата берген. Ханбибінің хикаялары хақында» деген дүниемізде дос-қарындас қаламгердің «Талант тағдыры» дейтін деректі повесіне біраз-біраз тоқталып талдаңқырағанбыз. Ол пікірімізді қайталағымыз жоқ. Одан бергі он шақты жылдың ішінде жауһар жырларымен, өткір өлеңдерімен қатар қара сөзді де өкпелете қойған жоқ. Талай-талай туынды жаратты.

«Жібек» повесі – әлі сиясы кебе қоймаған жаңа туынды. Бұл деректі повесте автор қазақ өңіріне Кеңес өкіметі орнағаннан кейінгі дәулетті қазақтардың малын тартып алып, кәмпескелеп, өздерін жер аударып, бүгін халықты бөлшектеп, зардап шеккізгендігін шығарма кейіпкері Жібек арқылы нанымды жеткізеді. Қазақ әйелінің қайсарлығы, еңбекқорлығы, ар тазалығы, қанша азап шексе де салт-дәстүрге беріктігі повесть барысында жүйелі өріліп отырады.

Стиліне адал, ізденімпаздығына берік, астар-тұспалы тәнті етер Есенқарақызын егжей-тегжейлі оқып отырып, бәз бір жазбаларында кейіпкерлерін аямай «сойып салыпты-ау», «мені» мен мұнда лаңқырап кетіпті-ау деп ойлай бастауыңыз мұң екен, өзін де «сойып салып», келемеждей жөнеледі. Ал өзін-өзі кекетіп күле білетін адам – керемет адам деген пікір бұрыннан белгілі.

Алғы сөзді ұзаққа созғымыз жоқ. Кейде кіріспе әңгімені тым көбейтіп жіберіп, оқырманға обал жасайтынымыз да болады. Сұңғыла сыншы, ерен терең әдебиетші қарындасымыз Әлия Бөпежанованың «Түсіндірме сөздің туындыға қиянат жасайтыны жиі кездеседі, ең дауасы – әр адамның өзі оқып шыққаны» дегендей бірегей пікірі жадымызда. Өздеріңіздің оқығандарыңыз абзал. Қаламың үшкірлене, қиялың ұшқырлана бергей, қарындас-дос. Дос-қарындас!

МАРХАБАТ БАЙҒҰТ,

халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының лауреаты,

Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері

Есенқарақызы Х. Шығармалары. – Астана:

Фолиант, 2018. - Т. 8. – Повестер мен әңгімелер.

Сөзі сара, жыры дара ақын

Білетіндер жасының үлкендігіне қарамай Хан-апа атаған Ханбибі Есенқарақызы әдебиет әлемінің киелі есігін балауса жырларымен батыл ашқанда, алдынан қазақ өлеңінің әйгілі дүлдүлдерінің бірі Төлеген Айбергенов күлімдей қарсы алыпты. Көреген көңілмен:

*«Сен шыққан биік жоқ әлі,
Сен шықпақ биік жоғары», –*

деп, таудай талабымен талпынып, арманшыл, асқақ жүрегімен ақындық өріске ұмтылғанда оған дем береді. Сөйте отырып:

*«Талаптар көп қой ғаламда,
Іздену керек адамға», –*

дейді. Ізден, ізден және ізден. Тұтанған отыңды өшіріп алма, алға ұмтыл деп, ағалық ақ пейілімен сәт сапар тілегін білдіреді. Міне, содан бері елу жыл зымырап өтіпті.

Қазақ поэзиясының көгіне көтеріліп, өз туын тіктеген Х. Есенқарақызы болдым, толдым демей, өзін-өзі қамшылап, үнемі ізденумен, ілгерілеумен келеді.

Өзгелерден ерекшелігі – төпелеп көп жазбайды. Әр сөзге мән береді, әрбір өлеңін ең әуелі өзі тояттанып, тұшынатындай құштар ықылас, мөлдір сезіммен жазады. Өлеңге деген осы адалдық Айбергеновтей ақыннан жұғысқан екен. Сондықтан да поэзиямнан келешегіме баратыны осылар болар деген сарабал оймен өлең-жырларын әбден екшеді, ат оздырғанын негізінен екі томға топтастырды. Қай дүниесін де қатал талап тезінен өткізе қарайтын қырын бұрыннан да жақсы білуші едім, мына он томдығын шығарар тұста білген үстіне біле түстім.

Хан-апа көлгір сөздің кісісі емес. Барды бардай көретін, өзін де шектеп ұстап, өзгенің де шектен шықпай жүргенін, сөйлегенін қалайды. Егер әлдекім ол өлшемнен шығып, асып-тасып бара жатса, онда бітті дей беріңіз, Хан-апамыз Құдайдың өн бойына қондыра ұялатқан мінезімен бетің бар, жүзің бар демей, кім екендігіне қарамай отты сөздерімен осып-осып алады. Айтыңызшы, кім сөйте алады? Бұл бүгінде өте сирек байқалатын көрініс. Өйткені жүрегінің түгі бар, отты, лепті ойы бар адамның – адамы, азаматтың – азаматы ғана жасайтын және сондай некен-саяқ тұлғаларға ғана жарасатын жаратылыс, ешкімге ұқсамайтын дара болмыс, бітімнің нышаны. Күні кеше өзі «Айбарлы атам еді» деп тамаша естелік арнаған батыр Баукең – Бауыржан Момышұлы солай емес пе еді?! Хан-апамыз бұл жалғанда жалтақтамай, жасқанбай, нағыз адамша тірлік кешкен сол атасынан да қасиет жұқтырған екен. Ондай әңгімені осындай оқиғаларта куә болған ел айтады. Мына қолыңыздағы кезекті томының «Қуат берді жаным Сіздің лебіз...» деген бөліміне енгізілген авторлардың арнау өлеңдерінен де ол кісінің сондай қасиетін және басқа да жақсылықтары мен жарқыраған тұстарын түстеп танысыз. Бұл өзіне тәнті болған жұрттың шынайы сыры өлең жыры арқылы айқын көрінеді.

Арнау жырлар ақиқатпен алқаланып, өрілсе ғана өміршендік сипатқа ие болады. Осы ойды Хан-апамыздың өзі де айнымас өлшем етіп алған. Жинақтағы «Арналады жырым Сізге...» дейтін бөлімдегі арнау өлеңдері, міне, осылай деуімізге тірек, дәйек болды.

Сондай-ақ бұл бөлімде ақынның орыс, украин, өзбек, қырғыз және саха (якут) тілдеріне аударылған өлеңдері енгізіліп отыр.

Қолына қасиетті қалам ұстап, оны өмірлік серік еткен кім-кімнің де әлі айтарым бар, жазарым бар дейтін әдеті. Хан-апаның да ойы тежеліп, тоқырай қойған жоқ. Жинаған бай білімі де, жинақтаған мол тәжірибесі де, ақындық өрнек, өзіндік шеберлігі де жетіп артылады. Сол себепті биіктеген үстіне биіктеп, мақсат тұтқан шырқау шыңына шығандап шықты деуге аузым бармайды.

Хан-апамыздың жетпістің жетелі тұсына жетіп, одан кейін сексеннің сеңгіріне табан тіреп, толқитын, толықсып жазатын жақұт жырлары мен сара сөздері әлі алда. Мен барша қаламдастары мен сүйіп оқитын мың сан оқырмандары атынан солай деймін.

БАУЫРЖАН ЖАҚЫП,

ақын, Қазақстан Жазушылар одағы басқарма

төрағасының орынбасары,

ҚР ҰҒА корреспондент-мүшесі

Есенқарақызы Х. Шығармалары. – Астана:

Фолиант, 2018. - Т. 3. – Өлеңдер, аудармалар

Мінез поэзиясы

Өлең өлкесінде үзеңгі қағысып, қаз-қатар келе жатқан Ханбибі қарындасымның үріп ауызға салғандай әсем де әдемі, әуезді де балғын алғашқы өлеңдеріндегі сезім жаңа сауылған сүттей жұпарлы тазалығымен жадымда жатталып қалыпты.

Алабұртқан армандарының алауы әлі күнге көңілімнің айдынында аққудың көгілдіріндей жүзіп, көгімде балапан қаздай қалқитынын әдеби кездесулерде жас қаламгерлерге үлгі етіп жүремін. Неге? Сөзіне сүйеніш, тіліне таяныш етсін, өресі өссін, өнер тапсын, өмір жасы ұзақ шығармалар жазуға талпынсын, өтімі жоқ құнсыз арзандықтан сақтансын, өлі өлеңсымақтардан безінсін деймін.

Ханбибінің қызыл қырманын қырдай еткен қасиет анасы Гүлзия Батыршақызынан жұғысса керек. Ол кісінің бір той-томалақта айтқан:

«Қызыл изен дегенде, қызыл изен,

Қыз бұралып шығады қызыл үйден.

Бірге өскен кішкентайдан құрбым едің,

Шай ішіп кет, құдеке, біздің үйден», –

деген шумағына шаң жұқпайтындай көрінеді маған. Қазіргі сахнадан танымал әнші «Шай ішіп кетсең қайтеді, мен ұсынған кеседен» деп

сызылғанда, есіме Гүлзия апаның әлгі төрт жолы оралып, жанымда жамырасқан жұлдыздардай жарасым табады. «Бардан ауысады, балдан жұғысады» деген осы.

Көкіректерінде тоғай көктеп, бұлбұл қонақтаған анасы мен қызы ғұмырында бір-біріне ұзақ уақыт жарқырата шам жаққанының куәсіміз.

Оқырманға кербез Көкшетаудан құш көңілімен тіл қататын Еркеш Ибраһимнің қас қағымда жатталған:

«Бір самал, бір самал өбеледі беттен,
Алаулай албырт Күн төнеді көктен.
Қырдағы қойтастың қолтығын суырып,
Жылғада әндетіп келеді көктем», –

дегеніне делебеміз қозып, сол көркем көрініске көз тоймай жүргенінде Ханбибінің дені тетік төмендегі өлеңіне дидаһ қосқаным дәтім дәрмен тапқаны әлі есімде.

«Дірілдетіп дүбірлетіп көк белді,
Нөсер алып келе жатты көктемді.
Ару – аспан асығыстау көктейді
Алтын жіппен жыртық қара шекпенді.

Тоз-тоз шекпен бір етегі далақтап,
Тауға асылып, ұйып қалды қонақтап.
Анда-санда сүттей әлем көзіне
Жарқ етеді сайға қашқан жол аппақ.

Алмас семсер тау бөктерін жанай бір,
Сілтегенде қара жерге қарай бір,
Дір-дір етті жайлаудағы боз бие,
Жер тепсініп, кісінеді қара айғыр.

Балапан шөп маңдайына тамшы ұрып,
Жармасады балағына тал шыбық.
Жер төсінен көтеріліп қанша гүл,
Көрпесінен қарғып тұрды қанша үміт».

Жаяу жатып, атты түсіп қарағандай, аса сұлу, жауһар жаратылым бұл! Жан құмарын басатын осындай туындылар көбейсе деп тілейсіз! Құнтсыздықпен қызаратындардың қызыл сөзі кестелей алмайтын бұл өлеңде қызуқандылық та, түрлі түсті бояу да өзара ынтымақтасқан ықыласты ырғақ та, өлі өрнекке айналмайтын табиғаттың қыдырлы қозғалысы да бар.

Әр көктем сайын жаңа ғана жазылғандай сезімте бөлейді. Оқырымды өлең оқуға оралтудың оңай жолы қиыннан қиыстыра осылайша жазу ма деп ойлайсыз. Иә, жүрегімнің жетегіндегі сөзің ғана ғұмырлы.

Қиялының өзі шынайы шындыққа негізделген шайырымыздың табиғат лирикасындағы тірек нүктелерінің құнарлы қуаты сізді тірліктің мәні мен

маңызы туралы жаңа бағыттарға бастайды. Терең идея, мазмұнды мағына сыйлайды. Әр өлеңінен адалдық, өзінің мінезіне тән қайшылықтар табамыз. «Күн шығып тұр, тағы да қар жауып тұр, табиғилық қалмады табиғатта» дегенінде көзге ұратын қақтығыс-соқтығыстар да, айқас-шайқастар да байқалмайды. Алайда ежелден келе жатқан жөн-жосықтарымыздың, әдет-салттарымыздың, ұлттық тұрмысымыздың заңдары, дәстүрлер бұзылғаны есіңізге түсіп, желекті жеңілтектігіңіз жел өтіне тасталғандай күй кешесіз, жәдігөй жауғыштықтан жиренесіз. «Дәнегіндей өріктің, маған ауа жетпей тұр» десе, ықылас-ілтипаттан жүрдай әлеуметтік салмақты сезініп, кең қолтық, кең есікті бауырмалдықты аңсайсыз. Кеппе кеудеңіз сынадай сығылысып, қысылып-қымтырыласыз.

Уыз қымыз қылықты қызға өмірдің өрі мен қыры, ойы мен сайы кейде у ішкізіп, үнінен улы сусын төгілген, іші-бауыры өртенген кездерін де көрдік. Бірақ ақын толыны шайқап төккен байшыкештерге де жеңімен сәлем беретін шенеунік сымақтарға да жарамсақтанбады, үйреншікті итіндей жағынып үрмеді. Қайта олардың өтін алып, аузына құйғандай жалынды жырлар жазды. Шала сауатты бишікештердің шабын шоққа шыжғыра сөйледі, сынаптай құбылған, шабуын таппай кетілген тұсы жоқ. Шешен сөздің шебері шоқта жатып шарболаттай шындалатынына көзімізді тағы да жеткізді.

Ханбибі поэзиясы – ішкі сарайдың ашықтығы, ләззаты лебіз, сазды сарын, көктемнің көркем көрінісі, жаздың жадыра мінезі, күздің солбыр суреті, қыстың қысылтаяң ызғары, үмітті сезім, сенімді сабыр, шындықтың шырайы, ащы аяныш, найзалы намыс.

Көлденеңдеген қырсықтың қысымына қысқа күнде қырық рет қарсыласатын ақын қарындасымның әдеби ортадағы тұрағы қаймаққа қаптай қонған қара шыбындай «өлеңшілерден» аулақта, алыстан тоят тілеп тұр.

НАРМАХАН БЕГАЛЫҰЛЫ,


ақын, К. Симонов атындағы

Халықаралық әдеби сыйлықтың иегері

Есенқарақызы Х. Шығармалары. – Астана:

Фолиант, 2018. - Т. 2. – Өлеңдер.

КІТАПТАРЫ



МАЗМҰНЫ

Оқырманға.....	4
Хан апаның қазынасы.....	5
Журналист, ақын Ханбибі Есенқарақызының өмірі мен қызметінің негізгі кезеңдері.....	7
Дипломдар, алғыс хаттар, марапаттар.....	8
Ханбибі Есенқарақызының асыл сөздері.....	9
Ханбибі Есенқарақызы туралы замандастар лебізі.....	15
Қаламгердің өмірі мен шығармашылығы туралы әдебиеттер көрсеткіші.....	17
Ханбибі Есенқарақызының еңбектерінің хронологиялық көрсеткіші.....	22
Әзірлеген, аударған, құраст. Х. Есенқарақызы.....	23
Мерзімді басылым беттерінде.....	26
Басылым беттерінен.....	33
Кітаптары	41